

Бекітемін:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Менгерушісі:

Баймөлдина К.К.



Келісілді:

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Әдіскеρі:

Оразғалиева Г.Б.

«Құралай» мектепке дейінгі жеке меншік балабақшасының

Мектепалды даярлық тобына арналған

Үйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

2022 – 2023 оку жылына

Тәрбиеші: Сыдыкова Д.С

## Тәрбиелу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектепалды даярлық**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 4-апта 26 - 30 желтоқсан 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
	«Ұннан жасалған тәғамды ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанга ұқыпты қарауға тәрбиелеу	«Тәртінші артық» дидактикалық ойыны Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру	Жаңылтпаш «Сіз бізді іздеменіз ана: Біз қымыздықты қырықабат сорпасына қосамыз» Мақсаты: барлық дыбысты айту арқылы жаңылтпашты анық айтуға үйрету	«Табиғат және адам» дидактикалық ойыны Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретін туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ	«Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны Мақсаты: сипаттама бойынша тاماқ өнімдерін тануға үйрету
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдан жақсы көретініңізді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамактарын таусысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,</b>	«Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы)	«Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру	«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы) әңгімелесу	«Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу (таңертенгі гимнастиканың маңызы туралы)	«Бұлар қауіпті заттар» әңгімелесу. Қауіптер туралы иллюстрация қарастырылады

кітаптар қаралу және тағы басқа эрекеттер)					
Таңтеренгі жаттығу	<b>Таңғы жаттығу кешені № 8</b>				
Ұйымдастырылға н іс-эрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылға н іс-эрекет	<b>1 - ұйымдастырылған іс-эрекет</b>				
	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау,</p> <p><b>Мақсаты :</b> «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.</p> <p>–Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қойады.</p> <p><b>Демонстрациялық материал.</b></p> <p>–Ендеше, мына ұлғі суретке қараң, әңгіме құрайық. Суретте қараң, көргендерінді өз киялдарынмен толықтырып,</p>	<p><b>Саят ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b>  <b>«Тиісті белгіні көтер»</b>  – Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріндер.</p> <p>Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау,</p>	<p><b>Саят ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу</p> <p><b>Мақсаты:</b> дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p><b>Дидактикалық жаттығу:</b>  <b>“Жасырылған сөз”</b>  <b>Шарты:</b> бала бір сөздің атын тұра атамай, оны сипаттайтын. Балалар сол сөзді табады.</p> <p>Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе,</p>	<p><b>Саят ашу негіздері</b>  <b>Міндеті:</b> Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру</p> <p><b>Мақсаты</b> Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін менгеруге жаттығулар жасату</p> <p><b>Дидактикалық жаттығу:</b> «Буынға буын қос»</p> <p>Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасындар. Мысалы: ( ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, көр...жын, дәп...тер,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b>  <b>Міндеті:</b> Өлеңді жатка, мәнерлеп, интонациямен айту</p> <p><b>Мақсаты</b> өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын кабылдауга жетелеу</p> <p><b>Жаңа жыл келді</b>  Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстал. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл!</p> <p><b>Сөздік жұмыс:</b>  жылыстал – ақырындал, біртіндеп әзір – дайын</p>

	<p>әңгіме құрап көріндер.          –Суретке мұқият қарап, тақырып қойындар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырындар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрандар.</p> <p>«Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайдын едіндер?» деген ұсыныс айтады педагог.</p> <p>Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс" деп атасақ қайтеді, келісесіндер ме?» – деп сұрады.</p> <p>–Балалар "ажарлы" – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраган баланы мақтайды</p>	<p>қасқыр, тұлқі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі, лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан</p>	<p>Аязата мен Ақшақар келмейді".          Жауабы: қыс.          Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.</p>	<p>қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа, шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)</p>
--	---	---	---	--

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»**

**Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:**

Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.

Ағайында араармыз,  
Еңбек үшін жараптанбыз.

**Ойын: «Допты қуып жет»**

**Мақсаты:** Балаларды ептіліке,шашшандыққа тәрбиелу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үрнету.

**Ойынның шарты:**

Тәрбиеші балаларға доп салынған

-3-3-3-3-3

Шырын іздең күні бойы

Гүл бақшаны аралаймыз

-3-3-3-3-3

(Уш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)

Жаман ара

Қалмай ұшып соынан,

Ара қуды Мұратты.

-3-3-3-3

Шағып алып қолынан,  
Досымызды жылатты.

-у-у-у-у

(Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



кәрзенкені көрсетеді де алаңың бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзенкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лактырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзенкеге салады. Ойын қайталанады.

Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзенкеге салатын болсын.

## 2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

**Қоршаған орта**  
**Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту

**Мақсаты** жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады

### Математика негіздері

**Міндеті** - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру

**Мақсаты** Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,

### Математика

**негіздері**  
**Міндеті:** - -

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру

**Мақсаты** заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту

### Математика

**негіздері**  
**Міндеті:** -

Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру


**Мақсаты** заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту

### Қоршаған орта

**Міндеті:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту

**Мақсаты** Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету

Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар

	<p>Табиғат – адамның көмегінсіз тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды.</p> <p>Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады.</p> <p>Қуаныштың етінішін орындаپ, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады</p>		<p>Тапсырманы орындау үшін суреттерді қарастаңыз.</p> <p>– Қай топтағы заттардың арасына «=&gt;» белгісін қоюға болады?</p> <p>Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады.</p> <p>-Не артық? Не кем?</p> <p>- Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады.</p> <p>-Не артық? Не кем?</p> <p>Корытынды жасайды</p>	<p><b>«Сонша жина» дидактикалық ойыны</b></p> <p>Балалар топқа бөлінеді. Эр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигурандар, бүршактар, қыстырығыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.</p> <p>Балалар ойынга қатысады.</p> <p>Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы қорсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады</p>	<p>жатады деп ойлайсындар? Балалар терезеден не көріп тұргандарын атап береді. Табиғатқа – ағаштар да, аспан да, шөпте, ауа да, адам да жатады деген үйгарымға келеді.</p> <p>Топтағы жанды заттарды атап қорсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстытайтынын, тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді.</p> <p>Педагогтің көмегімен қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяқкиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіреді</p>
--	--	---	--	--	---

Үзіліс:

Саусақ ойындары

Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.

Дидактикалық ойын:

<p><b>Ойын:</b><i>Су толтыру.</i></p> <p><b>Мақсаты:</b> Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай ұстайтынын, ыдыстар қалай тұратынын үрету.</p> <p><b>Керекті құралдар:</b> шұңқыр қасық, шұңқыр тәрелке мен күрешке.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Үстел үстіне шұңқыр ыдыска су құйып қоямыз. Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді. Ыдыстағы суды қасықпен алып, ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз. Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.</p> <p><b>Керекті құралдар:</b> Суреттері бар кітапшалар.</p> <p><b>Шарты:</b> Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>	<p><b>«Домино»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.</p> <p><b>Ойын шарты:</b> Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шыгады.</p> <p><b>Қажетті құралдар:</b> Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6 см карточкалар.</p>
--	---	---

### 3 - үйымдастырылған іс-әрекет


<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p><b>Мақсаты</b> сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Не деу керек?»</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тақпақтарды тыңдал, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс?</li> <li>Апаң сенін базардан Алма сатып әкелді.</li> <li>Ең үлкенін, жақсысын Саған тандап әперді.</li> </ul>	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу</p> <p><b>Мақсаты</b> сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру.</p> <p><b>Мақал-мәтелдерді жаттан ал.</b> Әдептілікті данадан үйрен.</p> <p>«Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау,</p> <p><b>Мақсаты</b> . «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үрету</p> <p><b>«Айырмашылығын тап».</b> Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуда</p> <p><b>Мақсаты</b> өленді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауга жетелеу</p> <p>Педагог үстелге шыршаны, куыршақ Аязата мен Ақшакарды қояды.</p> <p>– Жақында қандай мерекені қарсы алаңыз?</p> <p>– Қандай мереке шыршасыз етпейді?</p>	<p><b>Шығармашылық бейнелеу</b></p> <p><b>Міндеті:</b> - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-- Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру</li> <li>- бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану</li> <li>- бірнеше боліктерден бейнелерді құрастырады</li> </ul> <p><b>Мақсаты:</b> - қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін</p>
---	---	--	---	---

	<p>Не деп айтып жеу керек?      «Рақмет, апа!» – деу керек.      Балалар жүр көшеде,      Естілді шу-айгай.      Сен де шықтың досынды,      Қағып кеттің байқамай.      Мұндайда не деу керек?      «Кешір досым», – деу керек.      Осы келген бетінде,      Допты қудың жарыстың.      Көшениң сол шетінде,      Кезікті бір апайың,      Ұмыттың сен не деу керек?      «Сәлеметсіз бе!» – деу      керек.</p>	<p>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.  <b>Ойын «Сұраққа жауап бер».</b>      – Сен әдепті баласың ба?      – Иә. Мен әдепті баламын.      – Досынды ренжітсен, кешірім сұрайсың ба?      – Иә. Досымды ренжітsem, кешірім сұраймын.</p>	<p>табу керек</p>	<p>– Шырша қайда еседі?      Қазір жылдың қай мезгілі?      – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды?      – Бұгін ақын Саги Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз.      Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан табіренің эсерлі етіп жеткізеді.      Айрықша сезімдерді үйқас сөздермен суреттейді      Жұмбакты шеш.      Жасыл ине киімім,      Жайлаймын тау биігін.      Жаңа жылды тойласан,      Төріндемін үйінің.      (Шырша)      3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршага сыйып қос.</p>	<p>байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету  <b>Топтық жұмыс</b></p>
Үзіліс:					

### **«Гүлдерді күтеміз» ойыны**

**Мақсаты:** балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қосыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдастар, шөптекті, тұқымдаст гүлдерді) ажыратада болуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

**Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына кою, суреттер бойынша әнгімелету.



### **Қимылды ойын: «Ту».**

**Мақсаты:** Топтағы қарым-қатынасты нығайту.

**Ойынның шарты:** Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Эр топтың ортасында 1 бала ту ұстап тұрады. Тәрбиешінің бүйрекі бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бүйрекі бойынша ту ұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларынды табындар» дегендеге ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)

### **Қимылды ойын:**

#### **«Шұнқырдағы қасқырлар»**

**Мақсаты:** Балаларды шашашаңдыққа, жылдамдыққа баулу.

**Ойынның шарты:** Алаңның ортасында ұзын шұнқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұнқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бүйрекі бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұнқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұнқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

**4 - үйымдастырылған іс-әрекет**

	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Қымылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру</p> <p><b>Мақсаты</b> Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдау) қабілеттерін дамыту</p> <p>I.«Қарда жүргіш мәшие»: бір тізбекпен жүреді.</p> <p>«Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, тұлкінің жүрістерін салып жүреді.</p> <p>II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз»)</p> <p>«Артымнан қайтала».</p> <p>Педагог жаттығуларды көрсетеді.</p> <p>Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндегі орындауга тырысады.</p> <p>Тыныс алу гимнастикасы: «Жел».</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу.</li> <li>• Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</li> <li>• Басты түзу ұстап, дем алу, басты онға бұрып, демді шығару.</li> <li>• Басты түзу ұстап, мұрын</li> </ul>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Би қымылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді менгеру</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Музыкалық тіркестерге сәйкес қымылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Ақша қар» (К. Куатбаев)</p> <p>«Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қымылдар:</p> <p>«Шенберге тұр» (Л. Бетховен)</p> <p>Билер:</p> <p>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Жылдам құрастыр»</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Түзу бағытта адымдап жүру</p> <p><b>Мақсаты</b> 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үрнету.</p> <p>Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту.</p> <p>«Сілеусін» – бөренеден тұсу</p> <p>Бөренеден асықпай, сактықпен тұседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Жұбымен шенбер бойымен жүру</p> <p><b>Мақсаты</b> Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру</p> <p><b>Қымыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қасқыр мен лақтар». (3 рет)</p> <p><b>Ойын шартын естеріне түсіреді.</b> Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады.</p> <p>«Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секендей, Байламаса көкем кеп».</p> <p>Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.</p>	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Міндеті:</b> -Музыкаға сәйкес орындалатын би қымылдарын білу</p> <p><b>Мақсаты</b> Музыкалық тіркестерге сәйкес қымылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру.</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b></p> <p>«Қыс» (А. Вивальди, үнтаспадан)</p> <p>Ән айту:</p> <p>«Ақша қар» (К. Куатбаев)</p> <p>«Ақша қар» (Е. Өміров)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қымылдар:</p> <p>«Шенберге тұр» (Л. Бетховен)</p> <p>Билер:</p> <p>«Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский)</p> <p>Ойындар, хороводтар:</p> <p>«Жылдам құрастыр»</p> <p>Музыкалық аспапта ойнау:</p> <p>«Полька» (А. Филиппенко)</p>
--	---	--	--	---	--

	арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты төмөн түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білесіктерін айналдыру).	Филиппенко)			
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Желді бақылау</b> <b>Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауга болатынды-ғын, баяу, жылдам создерінің магнасын түсіндіру</b> <b>Сұрақ:</b>	<i>Аула сыныруши еңбегімен танысу</i> <i>Мақсаты: аула сынырушиның қыс кезінде геңбекі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру.</i> <i>Бағандардың еңбегін</i>	<i>Мұз сүңгісін бақылау.</i> <i>Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.</i> <i>Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</i>	<b>Қайың агашиның бақылау.</b> (Қиялдау) <b>Мақсаты: қайың агашиның қыскы көркін бақылау.</b> <b>Балаларды табигаттың қоргауышысы болуга тәрбиелеу.</b>	<b>Алаңдагы агаштарды бақылау</b> <b>Мақсаты: балалардың агаштардың қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.</b> <b>Тапсырма: «Таңғажайып агаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.</b>

<p>- Желдің багытын, күшін қалай біліп, анықтауга болады?</p> <p>- Үй мұржасаларынан шыққан түтіннен, - қазаңдың ұзыншалу кішкентай кескінділерінен</p> <p>- орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады.</p> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p><b>Қыстагы қар</b>, жаздагы жасаңыр – жерге жауған нұр.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Әткенишек»</p> <p><b>Мақсаты:</b> алгаиқыда асықпай, соナン соң тез айналып жүгіру.</p> <p><b>Еңбек:</b> алаңашаны коркейту үшін түрлі- түсті мұз кесінділерін дайындаап қою.</p>	<p>багалап, құрметтеуге тәрбиелу.</p> <p>Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жесеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру.</p> <p>Тақпақ:</p> <p>Қолынакиіп қолғапты, Ауланы агай сыйырды. Тазалап қарды мұздарды,</p> <p>Бәрімізге олжсол ашты.</p> <p>Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.)</p> <p>Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?»</p> <p>Жүгіріп келіп ұзындықта секіру.</p> <p>Жаңылтпашитар:</p> <p>Қаңтар айы болды, күн сүйтты</p> <p>Қалың қар жауды, боран соқты.</p> <p>Жапалақтап ақ қар жауды</p> <p>Еңбек: аула сыйыруышыға балабақшаның ауласын сыйруға көмектесу</p>	<p>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. <b>Сұрақтар:</b> Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайдада болады? Күнгей жасақта ма, әлде терістік жасақта ма? Олар қайдан пайдада болады? Осыдан қандай қортынды жасауда болады? <b>Көркем сөз:</b> Көл бетінде жастыр айдын – мұзойнақ,</p> <p>Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап,</p> <p>Шаңғы теуіп жарысамыз желменен,</p> <p>Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап.</p> <p style="text-align: right;">Мұза</p> <p>фар Әлімбаев</p> <p>Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян</p> <p>Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p>	<p><b>Тапсырма: агаши туралы</b> <b>суреттер бойынша</b> <b>шыгармашылық әңгіме</b> <b>құрастыру.</b> Әр балага суреттер таратылады.</p> <p><b>Көркем сөз</b></p> <p><b>Агаштар тұр жүден,</b> <b>Жапырақ сәні енеді.</b></p> <p><b>Согады жесел үден,</b> <b>Қыстың кеп сәлемі.</b></p> <p><b>Еңбек: қайың агашиның</b> <b>түбіне қар жинау.</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға агаштың түбін қармен жабудың сирин, пайдасын түсіндіру.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Біз <b>коңліді баламыз»</b></p> <p><b>Жеке</b> жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату.</p> <p><b>Жұмбақ:</b></p> <p><b>Жазда жастасаң</b> <b>коленкесіне алады,</b> <b>Қыста жақсан, жаның</b> <b>рахат табады.</b></p> <p style="text-align: right;"><b>Агаши</b></p>	<p><b>Агаштарды сыртқы</b> <b>түсінен, түрінен,</b> <b>бұтақтарынан қалай</b> <b>орналасуынан танып,</b> <b>айыруға үрету.</b> <b>Балаларды табигатқа</b> <b>қамқоршы болуына</b> <b>тәрбиелу.</b></p> <p><b>Сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>Жапырақсыз</b> <b>агаштарды қалай</b> <b>атаймыз?</b></li> <li><b>Жапырақтар неге күзде</b> <b>түсіп қалады?</b></li> <li><b>Агаштар бір біріне</b> <b>немен ұқсас?</b></li> <li><b>Ордың айырмашылығы</b> <b>қандай?</b></li> </ol> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Сөзбен суреттеп айт» агаштың түрін таны.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Ордагы <b>қасқыр»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> секіруге, затты лақтыруға жастықтырыу.</p> <p><b>Еңбек:</b> агаштардың түбін қармен жабу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> қар агашиның түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру.</p> <p><b>Балаларды табигатқа</b> <b>қамқоршы болуына</b> <b>тәрбиелу.</b></p>
--	--	--	---	---

					<p><b>Жеке жұмыс: шаңғымен жаттыгулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңга, солғаңдагы агаштарды бақылау</b></p>
--	--	--	--	--	--

	болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңіз.	кезінде өздігімен ойнай білсе, міnezі ашық, өз күрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңіз.	сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Күімдері міндегі түрде өзіне ынғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.	адамдарды жатыркамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, міnezі ашық, өз күрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ак үйреніп кететіне сеніңіз.	керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі оған ез мейріміңізді көрсетіңіз. Баланыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын маселені айтудан аулак болыңыз.
--	--	--	--	--	--

Тексерген: Оразалиева Г.Б 